e-mail: kostanaytany@mail.ru www.kostanaytany.kz

Қостанай таңы

Облыстық газет 1922 ж. 25 маусымнан шыға бастады

5 маусым 2018 ж. сейсенбі №63 (18711)

КӘСІПКЕ ҚОЛДАУ

Балалар студиясы ашылды

Шұға ҚОҢҚАБАЙ

Әуежай шағын ауданында 1 маусым – халықаралық балаларды қорғау күніне орай «Белая мама» балалар шығармашылығы студиясының салтанатты ашылу рәсімі болды. Шығармашылық ұжым өз жұмысын балаларға арналған қызықты шаралармен бастады. Студия есігін алғашқы ашқан бөбектерге қуыршақ сыйлады. Балаларды дамытуға арналған түрлі әдістемелік оқулықтар және құралдармен жабдықталған студияның ашылуына облыс әкімі Архимед Мұхамбетов қатысып, шығармашылық ұжымға сәттілік тіледі.

– Ең бастысы, сіздерде демалыс жоқ. Таңғы 8.00-ден кешкі 22.00-ге дейін. Жұмыстан кейін де келіп, спортпен айналысуға болады. Мінекей, кәсіпкер қаржысын қиын бизнеске салып отыр. Бұл өте қиын бизнес. Жақсы бастама. Сол үшін рахмет. Облыста 21 робототехника кабинетін аштық. Әр кабинет 11 млн теңге. Цифрландыруды мектеп қабырғасынан бастап оқытамыз. Алдағы уақытта сынып сағаттары көбейетін болады. Цифрландыруды осы жерден де балалар оқуы керек, – деді облыс әкімі.

Студияның ашылу мақсаты – балаларға тұлға болып қалыптасуына қолдау көрсету және балалар шығармашылығына қоғам назарын аударту.

Суретті түсірген Б.КӨРКЕМБАЕВ.

3-бет.

Баспасөз – 2018

«Қостанай таңы» – сенің газетің!

Оған 2018 жылдың екінші жартысына жазылу жүріп жатыр

Газет аптасына үш рет: сейсенбі, сәрсенбі, жұма күндері шығады.

«Қостанай таңы» газетіне жазылу бағасы:

– кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін:

6 айға – 3200 теңге.

– жеке оқырмандарға:

6 айға – 2400 теңге.

– Ұлы Отан соғысы ардагерлері үшін:

6 айға – 2250 теңге.

Қостанай, Арқалық, Рудный, Лисаков қалалары бойынша газеттің индексі:

– жеке оқырмандар үшін – 54613.

– зейнеткерлер мен Ұлы Отан соғысына қатысушылар үшін – 54614.

– кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін – 54615.

Селолық жердегі жазылушылар үшін газеттің индексі:

– жеке оқырмандар үшін –54683.

– зейнеткерлер мен Ұлы Отан соғысына қатысушылар үшін – 54684.

– кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін – 54685.

«Қостанай таңы» газетіне

«Қазпошта» бөлімшелерінде және аймақтық «Костанайские новости» газеті редакциясының баспасөз тарату қызметінде жазыла аласыздар.

БАЙҚАУ

Елбасының Кітапханасы мен Қоры журналистерге арнап «Қазақстан Тәуелсіздігі және Елбасы» конкурсын жариялайды

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының Кітапханасы мен Қоры баспа, электрондық және аудиовизуалдық бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің арасында белгіленген тақырыпқа арналған үздік материалға ашық шығармашылық конкурс жариялайды.

Конкурстың мақсаты – елдің тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктерін көрсету, Қазақстан мемлекеттілігінің негізі ретінде «Назарбаев моделін», Елбасының идеялары мен бастамаларын танымал ету.

Конкурс төрт номинация бойынша өткізіледі:

1) «Үздік теледидар материалы»;
2) «Үздік радиоматериал»;
3) «Газеттер мен журналдардағы үздік мақала»;
4) «Ғаламтор-БАҚ-тағы үздік жарияланым»;
5) «Ел жүрегі – Астана».

Номинациялардың әрқайсысы бойынша жеңімпаздарға **1 миллион теңге** мөлшерінде ақшалай жүлде беріледі, ал екінші және үшінші орындар үшін тиісінше – **500 мың** және **200 мың** теңге беріледі. Одан басқа, барлық жүлдегерлерге дипломдар мен омырауға тағатын белгілер тапсырылады.

Конкурсқа 50 жасқа дейінгі жеке және ұжымдық авторлар қатыса алады. Жеке немесе ұжымдық автор тек бір номинация бойынша қатысуға құқылы. Соның ішінде бір тақырыппен біріктірілген материалдар циклын ұсынуға болады.

Конкурсқа **2018 жылғы 1 маусым мен 10 қазан** аралығында ресми жарияланған (алғаш жарияланған, эфирге шығарылған, ғаламторда орналастырылған) бірегей материалдар қабылданады.

Конкурстың қорытындысын құрамына белгілі журналистер, Қазақстанның көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері енген комиссиясы шығарады.

Жеңімпаздарды марапаттаудың салтанатты рәсімі Тәуелсіздік күні қарсаңында өткізіледі.

Конкурсқа қатысуға өтінімдер **2018 жылғы 1 маусым мен 10 қазан (қоса алғанда)** аралығында келу тәртібімен немесе пошта арқылы мына мекенжайда: Z05S5X1, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Ә.Бөкейхан көшесі, 1, 213 каб., «Қазақстан Тәуелсіздігі және Елбасы» конкурсына» деген белгімен қабылданады. Байланыс тел.: (7172) 69-30-54, 69-30-56, 69-30-57, 75-12-15).

Конкурсты өткізудің шарттары мен уақыты туралы барлық ақпаратпен www.presidentlibrary.kz, www.fpp.kz сайттары арқылы танысуға болады.

Кезекті кездесу

Қарлығаш ОСПАНОВА

Облыстық саясаткер әйелдер клубының мүшелері кезекті басқосу өткізді. Отырыста білікті жаттықтырушылар аймақ аруларына дәріс беріп, тәжірибелерімен бөлісті.

Саясаткер әйелдер клубының негізгі міндеті – барлық деңгейдегі мәслихатқа нәзік жандыларды көбірек тарту, болашақ мәслихат сайлауына депутаттыққа үміткерлерді жақсылап дайындау. Сондықтан, клубтың құрылғанына аз уақыт өтсе де, бүгінде атқарып жатқан жұмыстары көңіл көншітеді. Қазіргі таңда екі жүздей әйел клубтың мүшесі болып саналады. Көшбасшылық қасиет, шешендік өнер, заңнама негіздері бойынша нәзік жандылардың білімін арттыру үшін мұндай басқосулар жиі өткізіледі. Кездесуде әйелдер саясаткерліктің қыр-сырына үйреніп, кейін аудан, қала, облыс әкімдерінің орынбасары, басшылық лауазымдарға тағайындалуы мүмкін. Осылайша, кадрлық резервтер қалыптастырылмақ.

Азаматтарды қабылдайды

2018 жылғы 7 маусым күні Қостанай облысы прокуратурасының Құқық қорғау қызметі орталығында облыс прокурорының орынбасары А.М.Ибраев қылмыстық құдалаудың заңдылығы жөнінде жеке тұлғалар және заңды тұлғалардың өкілдеріне жеке қабылдау жүргізеді.

Қабылдауға жазылу үшін Құқық қорғау қызметі орталығына келесі мекенжай бойынша хабарласу қажет: Қостанай қ, Толстой көшесі, 57 үй, эл. пошта 7142451@prokuror.kz, телефон (7142) 53-01-03.

Қабылдауға жазылу 6 маусым күні аяқталады.

Қостанай облысының прокуратурасы.

4 МАУСЫМ – ҚР МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР КҮНІ

Мемлекеттік рәміздерге – 26 жыл

Кенже ҚОНЫСБАЙ

1992 жылғы маусымның 4-де тәуелсіз Қазақстанның жаңа мемлекеттік рәміздері алғаш рет бекітілді – бұл күн ел тарихында жаңа мемлекеттік рәміздер күні ретінде мәңгі есте сақталады. Биыл мемлекеттік символдарымызға 26 жыл толып отыр.

Мемлекеттік рәміздер – мемлекеттің мызғымас негіздерінің бірі. Мемлекеттік Ту, Мемлекеттік Елтаңба және Мемлекеттік Әнұран мемлекеттің негізгі рәміздері. Көгілдір түсті туымыз бен ортасында шаңырақ бейнесіндегі алтын сәулелі күн орныққан елтаңбамыз бүкіл әлемге Қазақстан Республикасы аталатын жаңа тәуелсіз Мемлекет бейнесін паш етті.

Ел тәуелсіздігін айшықтай түсетін рәміздер күніне орай Қостанайдағы «Мирас» мәдениет үйінде облыстық патриоттар форумы өтті. Оған үкіметтік емес ұйымдар, этномәдени бірлестіктер, құрметті азаматтар, мемлекеттік қызметкерлер мен депутаттар және белсенді жастар қатысты.

Әуелі форумға қатысушыларға рәміздердің тарихы баяндалды. «Егемен Қазақстанның бүгінгі Елтаңбасы екі танымал сәулетші Жандарбек Мәлібеков пен Шота Уәлихановтың қыруар еңбегінің жемісі. Қазақстанның тұңғыш әнұранының авторлары – Мұқан Төлебаев, Евгений Брусиловский мен Латиф Хамиди. 2006 жылы жаңа Мемлекеттік Әнұран қабылданды. Халық арасында кең танымал патриоттық ән «Менің Қазақстаным» жаңа Әнұран негізіне айналды. Қазақстан Республикасы жаңа Мемлекеттік әнұранның авторлары – Шәмші Қалдаяқов, Жұмекен Нәжімеденов, Нұрсұлтан Назарбаев. Мемлекеттік рәміздер күні – Қазақстандағы мүлде жаңа мейрам, әйтсе де оны қазақстандықтар асқан патриоттық сезіммен мерекелейді», – дейді шара тізгінін қолға

алғандар.

Форумда қала әкімі Базыл Жақыпов жиналған жұртты осынау датамен құттықтап, «Мен патриотпын!» акциясының жеңімпаздарын марапаттады. Олар 10 номинация бойынша үздік атанып, Отанға деген айрықша ықыласын һәм патриоттығын көрсетті. Олардың арасында халықаралық байқауларда жеңімпаз атанған оқушылар, спортшылар, мұғалімдер, дәрігерлер, құрылысшылар, технолог сияқты түрлі мамандық иелері болды. Мерекелік шара Қостанай облысының өнерпаздарының концерттік бағдарламасына ұласты.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Тас жол: Батпаққарадан Торғайға

Хамитбек МҰСАБАЕВ

Биылғы жылы облыс әкімі А.Мұхамбетов аудан әкімінің есеп беру жиналысына қатынасып, қорытынды сөз сөйлегенінде аманкелділіктерге Арқалық қаласынан Аманкелдіге қарай тартылып жатқан тас жолдың жедел түрде аяқталып, одан әрі Торғайға қарай салынатынын қадап айтқан болатын.

Міне, облыс басшысының сол уәдесі осыдан 4-5 күн бұрын орындалды. Тас жол Аманкелді ауданының орталығына жетіп, енді Жанкелдин ауданына қарай бет алды.

Арқалық-Аманкелді – Торғай бағытындағы тас жолдың салына бастағанына оншақты жыл болып қалды. Алайда, осы он жылда жалпы көлемі 300 шақырымдық тас жолдың 150 шақырымы ғана асфальтталды. Егер жол салу бұрынғы қалыппен жайбарақат жүре бергенде Торғай мен Батпаққара арасындағы қалған 150 шақырымды салуға тағы бір он жыл өтер еді.

Арқалықтан Аманкелдіге дейінгі тас жолдың игілігін батыр ата елі тұрғындары молынан көріп отыр. Тақтайдай теп-тегіс жолдан жолаушылар шаршамайды, техникалар бұзылмайды. Барлық жағынан қолайлы. Жүргізушілер де рульмен алысып, шаршап-шалдықпайды.

Енді аудан орталығы Аманкелді селосы мен Үрпек ауылының ортасындағы 15 шақырым жолдың 8-і де жөнделетін болады. Қалғаны келесі жылы жөнеліп, пайдалануға беріледі.

Аманкелді ауданы.

Жол құрылысы қарқынды

Мұрат ЖҮНІСҰЛЫ

Автомобиль жолдары – бұл қаланың көліктік-коммуникациялық кешенінің маңызды элементтерінің бірі, оның тиімді жұмыс істеуі және орнықты дамуы экономиканы қалпына келтіруге, халықтың өмір сүру деңгейін көтеруге негізделген маңызды факторлар болып табылады.

Ағымдағы жылы Арқалық қаласы бойынша облыс және қала әкімдерінің тапсырмаларын орындау шеңберінде аудандық маңызы бар жолдарға (жалпы ауданы 177,617 м) жөндеу жүргізу үшін 533 662.0 мың теңге қаражат бөлінген болатын.

Қазіргі таңда қалалық бюджеттен 12045 шаршы метр (100%), облыстық бюджеттен 55220 шаршы метр (79,4%) орындалды. Құрылыс мердігері «Алюминстрой» ЖШС.

«Арқалық-Ашутасты-Шилі» тас жолын орташа жөндеу – 16 (15-31 км) км / 96000 м^2 – 280 000,0 мың теңге. Аңғар ауылынан Ашутасты ауылына дейін өңделді.

Жол құрылысы жасалған келісім-шартқа сәйкес алдағы тамыз айына дейін аяқталмақ.

Арқалық қаласы.

СУРЕТТЕ: Жол жөндеу жұмыстары.
Суретті түсірген автор.

Балалар студиясы ашылды

1-бет.

Аталған студияның жетекшісі Бақытжамал Қосқұлақованың айтуынша, балалардың шығармашылық қабілетін ерте бастан жетілдіру. Мұнда жүзден артық баланы қабылдау мүмкіндігі бар. Балалардың үй тапсырмасын оқытуға да көмектеседі. «Солнышко» деген кішкентайларға арналған топ та бар. Сонымен қатар, студенттерге қытай тілін үйретететін курстар ашылмақ. Мұнда робототехника, ағылшын, қазақ тілдері, химия, физика, ментальды арифметика, шахмат, спорттың бірнеше түрі және би өнерінен сапалы білім беру қарастырылған.

Студияға Шолпан Әлімбаева немересін жетектеп келіпті. Бес жасар немересін мектепке дайындық тобына жаздырмақшы:

– Мұндай баланың қарым-қабілетін дамытатын орталықтар қажет-ақ. Егер ұнаса екінші немеремді әкелемін. Жабдықталуы жалпы, мамандар маған ұнады, – дейді ол.

Суретті түсірген Б.КӨРКЕМБАЕВ.

«Ұлан» қатарына шақырды

ПРЕЗИДЕНТТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК БАСТАМАСЫ

Мұрат ЖҮНІСҰЛЫ

Арқалыққа жұмыс сапарымен Елбасының «Рухани жаңғыру», «Бес әлеуметтік бастама» бағдарламаларын насихаттай келген әскери мамандар институт, колледж студенттері және жоғары сынып оқушыларымен кездесіп, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Институттың мәжіліс залында өткен жиында Қазақстан Республикасы ұлттық «Ұлан» гвардиясы орталық өңірлік қолбасшысының тәрбие-әлеуметтік құқықтық істер жөніндегі орынбасары, полковник Савердин Имиров әр азаматтың қасиетті борышы – елдің қауіпсіздігін сақтау екендігін алға тартты.

– Басты мақсат – әлемдік өркениетке ілесу, бәсекеге қабілетті болу. Елбасымыз айтқандай, «Патриот – ол ұлттық құндылықтарды қадірлейтін, бойында адалдық, ізгілік ар-намыс қасиеттері бар, халқының дәстүрі мен Отанына деген сүйіспеншілігі мол адам». Біздің еліміздің басты байлығы – бірлігіміз, тыныштығымыз, келісімділік, – деді ол өз сөзінде.

Маңызды шарада Ұлттық «Ұлан» гвардиясының ерен іс-қимылдарын баяндайтын бейнероликтер көрсетіліп, жастарды аталған күш-құрылымға қарасты «Петропавл әскери институтына» оқуға түсуге шақырды. Халықаралық мәртебеге ие білім ордасының жатын орны, тамағы тегін.

Патриоттық іс-шараға Ауған соғысының ардагерлері қатысты.

Арқалық қаласы.

СУРЕТТЕ: Іс-шарадан көрініс.

Суретті түсірген автор.

БИЗНЕСКЕ ҚОЛДАУ

Түлігі – табыс кепілі

Әлібек ЫБЫРАЙ

Қостанай ауданында тұратын Полина Назарова асылтұқымды ешкі өсіруді қолға алды. Заанендік тұқым XIX-ғасырда пайда болған. Өте өсімтал түлік. Полинаның қорасында отыз шақты ешкі бар. Кәсіпкер түлік санын одан сайын көбейту үшін тағы тазатұқымды ешкі сатып алуды көздеп отыр.

Ол өз кәсібін ашпас бұрын «Бизнес-кеңесші» курсын оқып алды. Сол арқылы таяуда мемлекеттік грантқа қол жеткізді.

Заанен тұқымды ешкілер сүтті келеді. Жылына шамамен 800-900 литр сүт береді. Сондықтан, Полина Назарова таңдау дәл осы ешкі тұқымына түскенін жасырмайды. Ешкілердің құны да олқы емес. Мәселен, тушасының өзі кем дегенде 15 000 Ресей рублі тұрады.

– Алғашқы ек тушаны біз 2012 жылы сатып алдық. Содан бастап оларды өз төлінен көбейте бастадық. Негізі, белгілі бір кәсіппен айналысу үшін терең білім қажет. Сондықтан, мен облыстық кәсіпкерлер палатасына өтініш білдіріп, ондағы қысқа мерзімді курсқа жазылдым, – дейді кәсіпкер.

Ешкі саны өскен сайын, сүт мөлшері де арта түсті. Оны өткізуде Полинаға аса қиындық тудырған жоқ. Ауыл тұрғындары сатып алады. Одан қалды облыс орталығына әкеп өткізеді. Көбіне кішкентай баласы бар үйлер жиі тұтынады. Сол себепті, Полина сүт сапасына қатты мән береді.

– Соңғы кездері сүт жетпейтін болды. Жұрт ірімшік, сыр, йогурт сұрайды. Сол кезде мен кәсібімді одан әрі кеңейте түсу керектігін ұғындым. Ол үшін ең алдымен, асылтұқымды заанендік ешкілерді сатып алуды ойластырдым, – дейді Полина Назарова.

Ол мемлекеттік грантқа өткен жылы өтініш тапсырған. Бірақ, жеме-жемге келгенде ресейліктер ешкі сатудан бас тартқан. Биыл кәсіпкер 1 млн 260 мың теңге несие алып, жобаны толық жүзеге асырды.

Жалпы, облыста Полинадан өзге асылтұқымды ешкі өсірумен ешкім айналыспайды. Кәсіпкер сатып әкелген ешкілерді бағып, күту үшін жалға жер алды. Жақында лақтарды қамауға бөлек қора-қопсы салып алмақ.



Мәдениет қызметкері марапатталды

Арқалық қазақ-жасөспірімдер театрының қоюшы режиссеры Ә.Садықова Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталды.

Әлия Елубайқызы 1972 жылы Қостанай облысы, Аманкелді ауданының Қарасу ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын Амантоғай аудандық мәдениет үйінің ұйымдастырушысы болып бастаған жас маман ширек ғасырдан астам уақыт бойы мәдениет пен өнер саласында қызмет жасап келеді.

Білікті маман Ақан сері атындағы Көкшетау мәдениет колледжінің «Театр режиссеры» мамандығы, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің «Режиссура» мамандығын бітірген.

Жоғары санатты актриса, кәсіби режиссер Әлия Садықова театр сахнасында көптеген басты рөлдерді сомдап, отызға жуық қойылымдарды жарыққа шығарды. Арқалық қаласының «Жыл адамы – 2002» құрметті атағының иегері.

2004 жылы Қостанай қаласында өткен XIV-ші республикалық театр фестивалінде («Мұңлық-Зарлық» спектаклі) «Театр дебюті», 2017 жылы Жезқазған қаласында Ж.Хаджиевке арналған І аймақтық театрлар фестивалінде (Б.Есенәлиев «Қанды ауыз» драма) «Үкілі үміт» аталымы бойынша лауреат атанды.

Марапат иесі бүгінде жолдасы, аталмыш театрдың әртісі Орынбасар Қойбағаров екеуі үш бала тәрбиелеп отыр.

Арқалық қаласы.

ДЕНСАУЛЫҚ

Сақтық шаралары қолға алынды

«Сақтансаң – сау боларсың» деген. Қандай да бір сырқат түрі болмасын оның алдын алу аса маңызды.

Биылғы жылы елімізде менингит ауруының бас көтеріп жатқаны мәлім. Осыған орай «Арқалық қаласы қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» РММ қала мекемелерінде, қоғамдық орындарда сақтық шараларын жүргізуде.

– Қазақта «миқұрт» ауруы деп аталатын бұл дерт аса қауіпті. Негізінен ауа арқылы тарайтын болғандықтан, көпшілік орындарда тыныс жолдарын тұмшалап, азық-түлік тағамдарды тұтынғанда оның тазалығына ерекше мән берген жөн. Жалпы, жеке бас гигиенасының күтімін сақтау керек.

Менингит әсіресе балалар арасында жиі ұшырасады. Себебі, олардың ағзалары жетілу деңгейінде болғандықтан ауруға қарсы тұра алмайды.

Егер, дер кезінде ем алып үлгермесе есту қабілеті жойылып, талма ауруына ұшырап, баланың ой-өрісінің дамуына нұқсан келуі мүмкін.

Сол себепті меншік түріне қарамастан ұжымдарды аралап, мектептерде, балабақшаларда ескерту қағаздарын іліп, түсіндіру шараларын жүргізіп жатырмыз, – дейді аталған басқарманың бас маманы Айгүл Дулатқызы.

Арқалық қаласы.

М.ЖҮНІСҰЛЫ.

СУРЕТТЕ: Айгүл Дулатқызы – «Арқалық қаласы қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» РММ бас маманы.

ЦИФРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

Жетілдірудің жаңа жолы

"Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында Қостанай облысы білім басқармасының өкілдері ғылыми-техникалық әлеуеті жоғары қала құрушы ғылыми-өндірістік кешені бар (Татарстан Республикасы) Иннополис қаласына барып келді. Сапардың негізгі міндеті – 8 ақпараттық технологиялар бағытындағы білім кеңістігімен танысу болды.

Иннополис – ең жас және Ресейдегі жаңадан салынған қалалардың бірі. (Мәскеу түбіндегі Сколково орталығымен қатар) ақпараттық технологияларды және жоғары инновациялық технологияларды дамыту үшін құрылған Ресей Федерациясының екі "наукоградтың" бірі.

Иннополис қаланың аумағында орналасқан жеке Иннополис Университетінде жоғары технологиялар саласындағы басқарушыларды дайындайды және ақпараттық технологиялар мен роботты техника саласында ғылыми-зерттеулер жүргізеді.

2016 жылғы қаңтарда университетте ақпараттық технологияларды оқытуға бағдарланған дарынды балаларға арналған IT-лицей-интернаты ашылды. Лицейдің оқу бағдарламасы 7-11 сынып оқушыларына арналған ағылшын тілінде оқытуды қамтиды, жоғары сынып оқушыларына таңдау бойынша курстарды және факультативтік сабақтарды, университеттің қызметкерлеріне білім беру үдерісінде қатысуды ұсынады.

IT лицей Иннополис директоры Надежда Сулимова қазақстандықтарды қарсы алып, лицей бойынша танымдылық экскурсия өткізді.

Лицейдің білім кеңістігі бір-бірімен байланысты, бір-бірімен өзара іс-қимыл ететін көпфакторлы үш ортадан тұрады: зияткерлік, әлеуметтік және физикалық орта әрбір білім беру деңгейінде ескеріледі.

Лицейде 20 білікті оқытушы-мамандар жұмыс істейді, кәсіптік конкурстардың жүлдегерлері, республикалық гранттар иегерлері. Барлық мұғалімдер Иннополисте тұруға

келді, оларға тұрғын үй берілді. Мұғалімдер толық жұмыс атқарады, мұның сыртында қосымша сабақтар жүргізеді. Педагогтар осындағы жұмыстың және жаңа бағытта даму мүмкіндігінің қызықтыратындығын айтады.

Экскурсия соңында IT-лицейдің ұжымына біздің тамаша Қостанай қаласы туралы айтып бердік. Мұғалімдер алыс жерден келген қонақтармен қуана әңгімелесіп, Қазақстанның мектептеріне келуге қызығушылық білдірді. Білім беру саласындағы ынтымақтастықты әрі қарай жалғастыру және педагогтардың тәжірибе алмасуын одан әрі дамыту мақсатында дарынды балаларға арналған "Озат" мектеп-интернаты мен Иннополис қаласының IT-лицей арасында меморандум жасалды.

Карина НҰҒЫМАНОВА.

СУРЕТТЕРДЕ: меморандумға қол қою сәті; робот футбол алаңы.

Биылғы қаржыландыру да – қомақты

Қыдырбек ҚИЫСХАНҰЛЫ

"ҚазАгро" Ұлттық холдингі құрамындағы компания – Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы аясында ауыл тұрғындары мен ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін шағын несиелеуді бастады. Осы мақсатта биыл 26,7 млрд теңге бағытталатын болады. Бұл туралы Астанадан Холдингтің баспасөз қызметі хабарлады.

Төмендегі кестеде ауыл тұрғындары мен ауыл шаруашылығы тауары өндірушілерінің жобаларын іске асыруға бағытталған бірқатар ірі несиелеу шарттары беріліп отыр.

№ р/с	Несиелеу бағдарламасы	Бағдарламаның мақсаты	Сыйақы үстемесі, жылдық %	Несие мерзімі	Несие сомасы
1.	Игілік	- ІҚМ, ҰММ, жылқы, түйе, басқа да а/ш мал басы мен құстарды, бал араларын сатып алу; - қарыз мөлшерінің 20 % аспайдын сомаға мал азық сатып алу	6,0%	78 айға дейін	4 млн. теңгеге дейін
2.	Сыбаға	- етті тұқымды жас мал алу үшін ІҚМ аналық мал басын, ұсақ мүйізді малды сатып алу; - негізгі құрал-жабдықтарды сатып алу; - айналымдық капиталды толықтыру	Қордың өз қаржысынан		
			14,0%, оның *10,0% субсидияланады*	180 айға дейін	ІҚМ – 40 млн теңгеге дейін ҰММ – 30 млн теңгеге дейін
			Нәтижелі жұмыспен қамту		
			4,0% - 6,0%	84 айға дейін	12 млн теңгеге дейін
3.	Ынтымақ	Сервистік-дайындау және қайта өңдеу кооперативтерді құру және дамыту	6,0%	84 айға дейін	50 млн теңгеге дейін
4.	Кәсіпкер	Ауылшаруашылық және ауылшаруашылық емес бизнес түрлерін ұйымдастыру және кеңейту	6,0%	60 айға дейін	6 млн теңгеге дейін
5.	Ырыс	Асыл тұқымды аналық мал басын сатып алу және тауарлы сүт фермаларын құру/дамыту	6,0%	120 айға дейін	85 млн теңгеге дейін
6	Бірлік	Сүт қабылдау бекеттері үшін техника мен құрал-жабдықтарды сатып алу	6,0%	78 айға дейін	10 млн теңгеге дейін
7.	Егінжай	Көктемгі егістік және күзгі жиын-терім жұмыстарды жүргізу үшін айналымдық капиталды толықтыруға АӨК субъектілерін несиелеу	6,0%	36 айға дейін	6 млн теңгеге дейін

Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы бойынша несиелер әртүрлі мақсаттарға жылына 6% үстемемен беріледі. Несие өніміне байланысты қарыздың мерзімі, сомасы, жеңілдетілген мерзімі өзгеріп тұрады.

Мысалы, "Игілік" бағдарламасы бойынша ірі қара және ұсақ мүйізді мал, түйе, жылқы, басқа да ауылшаруашылық жануарларды, құстар, бал араларын сатып алу қарастырылған. Бұдан басқа, несие сомасының 20%-ын мал азық сатып алуға болады. Егер қарыз алушы аналық мал басын сатып алатын болса, жануарлардың жасы 24 айдан 48 айға дейін болу керек, жасы 12 айдан асқан асыл тұқымды өндіруші бұқа болуы керек немесе сатып алынуы керек, аналық малға міндетті арақатынасы 1:25 болуы қажет. Жылқы өсіру және қой шаруашылығына арналған жобаларға да белгілі бір талаптар қойылады.

Қарыз алушыда сатып алынатын және қолдағы мал басын ұстауға қажетті қоралары, құрылыстары болуы керек. Сондай-ақ, қажетті жем-шөп, немесе оларды сатып алатын қолма-қол ақшасы болуы, немесе несие қаржысы қарастырылуы қажет. Жер учаскелері бойынша талаптар қойылмайды.

– 2017 жылы бағдарлама аясында ауылдық кәсіпкерлерге қор арқылы 16,6 млрд теңге бөлінді. Оның 11,5 млрд теңгесі (70%) бизнесті ашуға бағытталған. Осылайша, бағдарламада бекітілген бастапқы жобаларды (20%) қаржыландыру деңгейі қормен толық орындалды, – дейді "Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры" АҚ басқарма төрағасы Жандар Омаров.

ЖАҒДАЯТ

Қос ел құтқарушылары бірікті

Ресей Федерациясының аумағында Ресейдің ТЖМ Челябі облысының Бас басқармасы мен Қазақстан Республикасы ІІМ ТЖК Қостанай облысының төтенше жағдайлар департаменті бірлескен командалық-штабтық оқу-жаттығуларын өткізді. Ресей мен Қазақстанның шекаралық өрт сөндіру бөлімшелерінің құтқарушылары трансшекаралық аумақтағы орман өрттерін жою бойынша бірлескен іс-әрекеттерді пысықтады. Оқу-жаттығулар Челябі облысының Октябрь ауданындағы Крутоярский елді мекенімен Қостанай облысы, Федоров ауданының шекарасында өткізілді.

Оқу-жаттығулар кезінде нақты жағдайларда шекара қызметінің қызметкерлерімен бірлесе өткізу пунктері мен қолданыстан тыс пунктерінен жеңіл өту тәртібі бойынша өзара іс-әрекеттер пысықталды. Бірлескен іс-қимыл және трансшекаралық ТЖ туралы ақпаратты тарату бойынша жеке құрамды практикалық жетілдіру жүзеге асырылды.

Оқу-жаттығу жоспары бойынша 31 мамыр күні сағат 09.00-де Крутоярский елді мекеніне жақын жерде шөптің жануы байқалды. Құтқарушылар құрғақ өсімдіктердің жануы ауылшаруашылық орындарынан 2 км/сағ жылдамдықпен елді мекен

мен Қазақстан шекарасы жаққа қарай тарайтынын лезде анықтап, табиғи апаттың алдын алды. Трансшекаралық табиғи өрттерді жою үшін практикалық іс-әрекеттерді өтеуге барлығы: Ресейден – 28 техникалық бірлік пен жеке құрамнан 94 адам, Қазақстан тарапынан – 5 техникалық бірлік және 9 адам іске жұмылдырылды.

Қорытындысын шығару кезінде екі елдің барлық құтқару бөлімшелерінің ұйымшылдығы мен үйлесімділігі байқалды.

Қостанай облысының ТЖД Мемлекеттік тіл және ақпарат тобы.

АРДАГЕР

Қайырбек ӘБІЛТАЕВ:

"Екі толқудың алдын алдық"

Ішкі істер органының ардагері Қайырбек Әбілтаевтың тұратын үйі Қостанайдағы тергеу изоляторының тура жанында орналасқан. Кезінде құқық қорғау саласында қызметтік жолын сол түрмеде, қазіргі колония қабырғасында бастаған еңбек ардагері бастықтың орынбасар лауазымына дейін көтерілген екен. Ол жерден облыстық ішкі істер басқармасының жедел құрылымында еңбек жолын жалғастырды.

Қыдырбек ҚИЫСХАНҰЛЫ

Қайырбек Қанашұлы Әбілтаев 1928 жылы 23 ақпанда Ақтөбе облысында дүниеге келген. Бала күнінде ата-анасы Тобыл өңіріне көшіп келіп, Аманкелді ауданында соғысты қарсы алыпты. Майданға оның үлкен ағасы Төлеміс аттанса да, Қайырбек қарап қалмай, үлкен отбасын асырауды мойнына алған албырт бозбаланың бірі.

Ең алғашқы еңбек жолын 1943 жылы аудандық тұтынушылар одағының есеп бөлімінде хатшы болудан бастаған Қайырбек кітапхана саласына да өз қолтаңбасын қалдырды. Бұл ардагердің ерте жастан сауатты, зерек, зейінді болғанының арқасы.

– Соғыс барлығымызға оңай тимеді, бірақ алапат қырғын халықтың еңсесін түсірген жоқ. Жеңісті жақындатуға ес білетін баладан еңкейген қарияға дейін үлесін қосқанын ерлікпен парапар деуге болады. Әсіресе, мені Балтық майданында от пен оқтың ортасында қар құрсанып, мұз төсеніп жүрген ағамнан келетін әрбір жалынды хат жігерлендіріп отыратын. Абырой болып, Төлеміс елге аман-есен жеңіспен оралды. Иығына кіші лейтенант шенін тағып келді. Еңбек жолын милиция саласында жалғастырды, – дейді сол күндерді есіне алған тыл ардагері.

Соғыстан кейінгі жылдары педагогикалық училищені оқып бітірген Қайырбек Қанашұлы бастауыш сыныптарда мұғалімдік қызмет етіп жүрді. Ал ол кезде милиция органында еңбек еткен ағасы Төлемістің ұсынысымен Қайырбек ішкі істер органына жұмысқа ауысты. 1949 жылы УК 161/1 (тергеу изоляторы) мекемесіне қатардағы қызметке орналасқан оның құқық қорғау саласындағы қызметтік даңғыл жолы басталды деуге болады. Ол уақытта қазіргі колония 7 нөмірлі түрме аталатын.

1951 жылы басшылықтың нұсқауымен Владимир қаласындағы КСРО ІІМ бастауыш құрам қызметкерлерін даярлайтын Жоғарғы мектебіне оқуға жолдама алған Әбілтаев білім орнын 1953 жылы аяқтап келіп, қызметін жалғастыра берді. Ол кезде отбасылы, өмірлік серігі Ғадипа Әбдібекқызы екеуі үш бала өсіріп-тәрбиелеп отырған кезіміз дейді еңбек ардагері:

– Ол уақыт заманның өте қиын кезі болды. Мен лейтенант шеніне ие болып, түрме бастығының кезекші көмекшісі болып тағайындалған кезім. Ал, сотталушыларды тәртіпте ұстау оңай болған жоқ. Бірде темір торға тоғытылғандар ереуіл көтеріп, оны басуға жұмылғанымыз бар. Алайда, мұндай толқу екінші рет қайталанды. Бұл жолы бірнеше сот-

ЖОРЫҚ ЖОЛЫ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

талушы абақтыдан қашып кетуге оқталған екен. Бірақ біз мұндай тәртіпсіздікке жол берген жоқпыз. Ал, осындай абыр-сабыр кезде жазасын өтеушілердің бірі мерт болды. Біз еңбек еткен түрмеде ұзақ уақытқа қамалған небір қауіпті қылмыскерлер отырды. Олардың арасында 25 жылға сотталғандар мен ең ауыр жазаға кесілгендер бар. Ол кезде Қостанай түрмесінде сотталушыларды ату үкімі орындалып жататын.

1961 жылы Алматы қаласындағы КСРО ІІМ мектебіне оқуға барып келген Қайырбек Әбілтаев подполковник шеніне дейін өсіп, өзі еңбек етіп жүрген УК 161/1 мекемесі бастығының орынбасарлығына тағайындалды. Ал, 1983 жылы тәжірибелі маман жедел қызметке ауысып, облыстық ішкі істер басқармасы бөлімі бастығының орынбасары қызметіне барды. Жалпы Қайырбек Қанашұлы құқық қорғау саласында табаны күректей 34 жыл еңбек еткен жан. Өзінің жылдар бойғы мінсіз қызметі ескерусіз қалған жоқ – КСРО ІІМ 3, 2, 1 дәрежелі медальдары, "Еңбек ардагері", "Тың және тыңайған жерді игергені үшін" медальдарымен, "Жеңістің 70 жылдығы", "Кеңестік милицияның 100 жылдығы" мерекелік төсбелгілері және көптеген құрметті марапаттардың иегері. Биыл еңбек ардагері мерейлі 90 жасқа толды. Аратұра денсаулығы сыр берсе де, оған мойыған емес. Бір орнында отыра беруді жөн көрмейді.

ЖАҢА КІТАП – ЖАН АЗЫҒЫ

Үш ұрпақтан сыр шерткен

Менің Астанада тұратын Ғазиз Шалдыбаев інім жақында Арқалыққа келгенде бір кітап сыйлады. Әкесі Ғалымжан Тарғынұлы Шалдыбаев кезінде біздің қаламыздың Қызылқозы атты жұмысшылар кентінен бастап өткен ғасырда жаңадан ашылған Торғай облысының орталығы болған Арқалық қаласының өсіп, толсып өркендеуіне өзі басы-қасында болып іргетасын қаласқан тұлға еді.

Өзім бір деммен оқып шыққан кітап аты – "Жылқы атылған жаз". Авторы – ақын, журналист, "Рух" халықаралық әдеби байқаудың жүлдегері Ырысбек Дәбей. Бұл іниміз "мың өліп, мың тірілген" тұрмыстың талай теперішін көрген "балапан басына, тұрымтай тұсына" дегендей тарыдай шашылып, шығыстағы алып көрші аспан асты еліне барып паналаған қазақтардың ұрпағы екен.

Бұл кітапқа автордың өзінің 13 эссе-әңгімелері, "Қарға тамған көз жасы" атты хикаяты және ең негізгісі кітап атын алған "Жылқы атылған жаз" романы кірген. Туындыға арқау болған – Ғазиз берген Ғалымжан Тарғынұлының дерек-дәйектері. Ырысбектің әңгімелерінде орыс отаршылдығы мен кеңестік қызыл қырғын кезінде қазақ жұртының көрген құқайы, халқымыздың ұят – ар, намыс, ел мен жерді сүюге бағытталған тілі шұрайлы баяндары және жан дәрмен күн кешіп туған жер Қазақстанға келіп орныққасын, бір заманда, өзі туып өскен Қытай жағындағы ағайындарға барып, алғашқы махаббаты Ғайшаны көруге ынтыққан Сырым туралы хикаятын тебіренбей оқу мүмкін емес.

Шығарманың кейіпкерлері өмірде болған жандар. Бабамыз Есберген қажы көрегендігімен, қайырымдылығымен, ұйымдастырушылық беделімен ел есінде қалған тұлға. Қажының сапардағы жанкешті төзімділігі, алған мақсатын орындау жолындағы құрбандыққа дайындығы тамаша суреттелген. Бұрын ел аузында аңыз боп келген торғайлық екінші бір азамат Дәркенің тағдыры да кітаптан лайықты орын алыпты. Қажының сапарда қалғандарының амандығы үшін теңіз тұңғиығына түсіп мерт болуы ел білетін жай еді.

Кезінде елге басшы болған кемеңгер ақыл иелері адал жолмен тапқан біраз байлық негізі болған ағайынды Қамбар мен Тарғын аталарымыздың кеңестік қызыл қырғын құрбаны болып аянышты өтуі ұрпақтарына аян еді.

Торғай жерінде талай мыңды айдаған елге қадірлі аяулы жандардың төлкекке ұшыраған өкілдерінің жиынтық бейнесі Жұманазар өмірі арқылы аянышты берілген.

Торының төрт тіреуінің әулетінен шыққан Раушан апамыз бейнесі де оқушыны бей-жай қалдырмайды.

Есберген қажының немересі, Тарғын мен Раушандай асылдар тұяғы Ғалымжан ағайдың өмір жолы ұрпақ өсірудің үлгісіндей суреттелген. Шығармада өмірге Күлаш, Фарида, Ғайни сынды қарындастарымыз бен Ғазиз, Дәулеткерейдей інімізді әкелген Батиманың сонау Украин жерінен әкесін іздеп келген өз балаларының бауыры Тайырға деген аналық ықыласы сезімге әсер етерліктей баяндалған.

Ұрпақтары да өздеріне, ата-баба ғұрпына сай өмірден лайықты орын алғанын айтсақ артық емес. Күләш қарындасым медицина, педагогика саласының білікті ғалымы, жазушы Советхан Ғапбасовтың зайыбы болса, Фарида Арқалықта ашылған пединститутты алғашқы ректоры ғалым Мырзағали Төлегеновтың жары – Тарғын, Қырмызы атты жиендеріміздің анасы, Мырзекең өмірден озғанмен артында абыройлы аты қалған тұлға. Ғазиз бен Дәулеткерей де, Ғайни қарындасым да өмірден өз жолдарын тауып, ұрпақ өсіріп отырған Есберген әулетінің лайықты ізбасарлары. Ырысбек Дәбейдің "Жылқы атылған жаз" туындысы тәуелсіз еліміздің бастан өткен хал-ахуалындай шежіре екені сөзсіз.

Орекен АЛМАТОВ,
зейнеткер.
Арқалық қаласы.

ТАҒЗЫМ

Өнер ақтаңгері

...1947 жылы болуы керек, біздің үйге Әнуардың әкесі Боранбай келді. Үйде әжем (шешем Жібек), Рақыш үшеуіміз далаға кіріп-шығуымыз қиындап, үрпиісіп отырғанбыз. Мезгіл сәске шамасы. Боранбай ағай кіріп келіп, әжеммен көрісіп амандасты. Амандық біліскен соң, әжем үйдің ортасындағы ошаққа от жағып, үш аяқты мосыағаш орнатып, оған тұтқалы кішкене қазаншаны іліп, қыстан қалған сүр асты. Бірақ қандай әңгіме айтылғанын білмеймін. Әйтеуір сол күні екінді шамасында Боранбай ағай келген жағына аттанып кетті. Бұл менің ол кісіні алғашқы, әрі соңғы көруім еді. Сайлаудың кейінгі кездегі айтуына қарағанда сол жолы Боранбай ағай әжеме қасыма көшіріп алайын деген. Оған әжем келісе қоймаған. Қазір Боранбай ағайдың сол ұсынысын да, әжемнің шешімін де ой таразысынан өткізсем, екеуінікі де дұрыс шығар деген тұжырымға келемін. Өйткені Боранбай ағай ең жақын туысымыз, ал біз әкеміз соғыста өліп, үйелмелі-сүйелмелі үшеуміз шешеміздің бауырында қалып қойдық. Осындай жағдайда ол шын туыстық ықыласпен, бізді панасыз қалдырғысы келмей, көшіріп әкетуге ниет білдірген. Оған мүмкіндігі де болған. Сондай-ақ әжемнің шешімі де орынды. Өйткені біз туған жерімізде, әкеміздің көзін көрген қалың ағайын-туыстың ортасындамыз.

Ол кезде жер арасы онша қашық болмағанмен, қатынас аз. Телефон байланысы да болған жоқ. Тек арнайы шаруасымен барған адамдардан ғана сирек болса да амандық біліскен, сәлем айтысып жүрдік. Осылай 14-15 жыл шамасы өтіп кетіп, бұл туыстарымызбен тек 1961 жылы қайта араласа бастадық. Ол былай болды.

Сайлау Алматыда 1956 жылдан оқып жатқан. Мені әжем мен Рақышты көшіріп әкелуге жіберді. Елге тамыздың бас кезінде бардым. Қалтамда бір сомым да жоқ. Көшу керек десем әжем ыңғай бермейді. Тағы біраз жүрдім. Ауыл ақсақалдарын, Алматыдан демалысқа барған студенттерді қосып, әжемді күндіз-түні үгіттеп, ақыры көндірдік. Ендігі қалған мәселе ақшаға тірелді. Әжемнің қолындағы жалғыз сиырын сатқыздым, үстіміздегі қараша киіз үйді Мадиярдың Тампай әулеті 100 сомға алды. Үйге қайтып келгенімде, әжем "мынау іргедегі Аманкелдіде Боранбайдың балалары өсіп жетті дейді, соларға барып қайт. Қолдарында болса сендерден аянып қалмас. Рақышты да ала бар, бұл да туыстарын танып, бой жазсын", – деді. Бардық. Советай аудандық ішкі істер бөлімінде қызмет істейді екен, астында күндіз-түні өзі ғана мінетін бортты жүк машинасы бар. Тойған жеңгеміз дүкенде істейді. Үйі тап-таза мұнтаздай, бәріне үлгіреді. Біжікен әжемнің де тұрмысы жақсы екен. Қолында бір қойманың кілті бар болып шықты. Дүкендер мен қоймаларды жеңгем мен Біжікен әжем кезек-кезек аралатып, Рақышқа, шешейге деп бір шабадан жақсы маталар салып берді, қолымызға көп ақша ұстатты. Аманкелдінің ар жағында 10-15 шақырым жерде өзен бойында тұратын Социалдың, Аманкелдіде тұратын басқа туыстардың үйлеріне қонаққа апарып, бір жетіден соң Советайдың өзі машинасымен үйімізге, Қызбелге әкеліп салды.

Бір ешкімізді сойып, ауыл адамдарына құдайы бердік те, Торғайға жүк апарып, бос қайтып бара жатқан бір бортты машинаны тоқтатып, жүгімізді артып, Аманқарағайға жеттік. Одан поезға отырып Алматыға келдік. Алматыда ол кезде де, қазір де талай қазақ көшіп жүруге мәжбүр ғой. Біз де сондай күйді бастан өткіздік. Екінші Алматының төрт бұрышын түгел араладық. Есекпен де, машинамен де көшіп көрдік. Үш жылдан соң Сайлау жұмыс орнынан үй алды. Елден соғыстан кейін туған іні-қарындастарымыз келе бастады. 1965 жылдың жазында біздің үйге оншақты күннің ішінде осы толқынның бір тобы бірінен соң бірі сау ете қалды. Көбі біздің ауылдан. Екеу-үшеуі Мақыш жеңгейдің елінен. Біреуі Аманкелдіден. Ол – Әнуар ініміз.

Алғашқыда Әнуар маған тұйықтау көрінді. Басқалары еркін жүреді. Оның себебі де бар. Ауыл балалары бізбен бірге өсті. Ал Әнуардың туыстығы кем емес, бірақ басқа жерде, көрші ауданда ержетті. Сол жылы бізге келген үлкен тобырдан сәті түсіп оқуға түскендері екеу-үшеу-ақ болып шықты. Ішінде Әнуар бар. Бірақ қабылданбай қалғандарының ешқайсысы елге оралған жоқ. Бірі сырттай оқуға, бірі кешкі оқуға түсуді сылтау қылып, Алматыда жүрді және бір-бірімен достасып кетті.

Жыл ортасына қарай осы іні-қарындастарымыздың бірнешеуі театрға барғыштап, актер болуға әуестеніп жүргенін естідік. Олардың арасында Әнуар да жүрген болып шықты. Осыдан кейін Әнуар үйде көбірек отыратын болды. Әжемнің айтуына қарағанда ол күндіз дауыстап кітап оқып, қайта-қайта "р"-ға тілін келтіруге тырысады екен.

Еңбегі еш болмай, уақыты келгенде ол Құрманғазы атындағы өнер институтының театр факультетіне сынақтан өтіп, оқуға қабылданды. Әнуар оқуда жүріп түлеп шыға келді. Бұрынғы тұйықтығынан ештеңе қалған жоқ. Ашық та жарқын тамаша мінез көрсете бастады. Консерваторияның үшінші курсынан бастап М.Әуезов атындағы академиялық драма театрының спектакльдерінің көпшілік қатынасатын көріністеріне шыға бастады.

Ол кез театр мен киноның заманы болатын. Жастар жаңа көрсетіле бастаған фильмдер мен спектакльдерге таласып кіруші еді. Олар үшін әсіресе Әуезов театрының орны бөлек болатын. Оның премьералары негізгі құрам актерлерінің қатысуымен 3-4 рет қайталанып жататын. Соның өзінде орын жетпей, көп көрерменнің осы қойылымдарды аяғынан тік тұрып көріп шыққандарына талай куә болдық.

Әуезов театры ол уақытта қазіргі Ғ.Мүсірепов атындағы жастар театрының ғимаратында болатын. Онда қазақ театр өнерінің қара шаңырағының "алтын діңгегі" атанған майталман актерлар С.Қожамқұлов, С.Майқанова, К.Қармысов, Қ.Бадыровтар, елге танымал Х.Бөкеева, Н.Жантөрин, Ы.Ноғайбаев, Фарида және Зәмзәгүл Шариповалар, дарындары халыққа енді белгілі бола бастаған Ә.Молдабеков, Р.Сейтметов, А.Әшімов, Т.Тасыбековалар ойнайтын.

Әнуар осы театрдың, тұлғалы актерлардың үлкен мектебінен өтті. Режиссер мен актердің жұмыс істеу тәсілдеріне зер салды. Бара-бара аз-кем тапсырмалармен өзі де кейде тобыр ішінде, кейде жеке көпшілік алдына сахнаға шығуға бойын үйрете бастады.

Осының нәтижесінде қоюшылардың назарына ілігіп, Әнуар оқуын аяқтамай жатып Әуезов театрына қызметке тартылды. Сондай-ақ өз тұрғыластары Т.Жаманқұлов, Қ.Сұлтанбаев, Т.Мейрамов, Қ.Тастанбеков, Г.Әспетова, А.Кенжеев, У.Сұлтанғазин, Б.Наурызов секілді талантты жастарға да орын тиді. Олар жеке өнерпаз буын атанып, театрдың жұмысына жаңа леп берді.

Театрға барысымен Әнуар "Дала дастаны" спектакліндегі басты кейіпкерді ойнады. Дарынды режиссер Қадыр Жетпісбаев Ілияс Жансүгіровтың балаң жігіт шағын ерекше суреттейтін сәтті қойылым жасап, онда Әнуар үлкен пафоспен ойнап, Ілиясты биік деңгейде бейнелеп шықты. Дала дастанының алғашқы қойылымы бірнеше қайталанып, республикалық газеттер, теледидар мен радио оны сәтті спектакль ретінде көпшілікке жариялап жатты. Әнуардың аты да көпке белгілі бола бастап, дос-жараны көбейді.

Біздің үйге Әнуар алғашқы кезде Нұрқанат (Жақыпбеков) пен Ғафизді (Есимов), ал кейінірек Әшіралыны, Уәйісті, кейде басқа да достарын ерте келетін. Көбіне спектакльді ойындағыдай ойнап, көңілі көтеріңкі болған кезде түнде арнайы соғып, жеңгесінің шайы мен тамағын асықпай отырып ішетін.

Жалпы, Әнуар үйінде көп отыруды жақтырмайтын. Әнуарды өзінің театрдағы жұмысының сыртында киноға түсуге, дубляж жасауға, мейрамдарда бас алаңдарда ұрандар оқуға, радиодан әртүрлі спектакльдерді дыбыстап, үзінділер мен өлеңдер оқуға жиі шақыратын.

Әнуардың достары мен жолдастарына адалдығы да ерекше болатын. Оларға қалтқысыз, өзіндей сенетін. Өкінішке қарай, оны осы алаңсыз сенім мен елгезектік орға жықты. Тағдыр оны өзге мінезді адамдарға жолықтырып, опық жегізді. Өзінің қысқа ғұмырында Әнуар ойнақтап жүріп от басты. Жан жарасын да, тән жарасын да жеткілікті мөлшерде алды. Талай тағдыр төлкегін басынан өткізді. Қиын міндет пен салмақты жүкті Ақбөпе мойнына алды және оны ауырсынған жоқ. Әнуардың ошағына жайсаңдық пен жайдарылық, тәлімділік пен тәрбиелік ала келді. Асылдың сынығы екенін іс жүзінде дәлелдеді. Әнуарға шын сүйеніш бола білді. Әсел туған соң олардың өмірлері жаңа қалыпқа түсті. Жұбаныштары көңілдерін сергітіп, Әнуар қайта қатарға қосылды. Ал, біз екі жақсы кештеу болса да бірін-бірі тапты, ортамыз қайта толықты деп қуандық. Ақбөпені Жібек, Біжікен әжелері, Кәмаш, Тойған, Мақыш, Света, Рақыш секілді абысындары мен апалары ерекше мейіріммен бауырларына басты. Ал Әнуар Зейнолла Көжебеков пен Махфуза Матовнаның, Еренғайып Шайхутдинов пен Тамара Шәмбіловнаның, Ғибадолла Мырзағалиев пен Венера Камаловнаның ертеден білетін ерке інілеріндей болып кетті.

Қайын атасы мен енесі Камал Қармысов пен Ханша апамыз Әнуарды төбелеріне көтеретін. Ертеден қызметтес болғандықтан ба Кәмекең екеуі әңгімелеріне кейде қалжың да араластырып қоятын.

Әнуардың ес жиып, ел қатарына қосылуына достары да, Әуезов театрының ұжымы да, оның басшылары да өлшеусіз еңбек сіңірді. Олар ұлы Ильяс қайтқанда да, ұзаққа созылған ауруы мен мүгедектігі кезінде де Әнуарды бір күн жалғыз қалдырған жоқ. Мүсіркеулері мен аяушылықтарын сөзбен айтпай-ақ, жүрек жылуымен жеткізе білді. Әнуар үшін олар еңбек туралы заңды да айналып өтті. Алдымен аяғының кескен жері жазылып, екі балдаққа тұрсын деді. Сонан соң, балдақтарымен жүруді үйренуіне уақыт берді. Одан әрі костылін киіп жаттықсын, көпшілікке көзін үйретсін деді. Сөйтіп жылдар күтіп, театрға қайырып алды. Рольдер беріп, жұрт алдына шығарды. Әнуарды көрермендерімен қайта қауыштырды.

Әйтсе де меңдеген ауру дегенін істеді. Соңында сол аяғын тізесінен жоғары кестіруге тура келді..

Осыдан бір-екі жыл бұрын Қайрат інім мен үлкен ұлым Айбек Арқалық қаласындағы орталық кинотеатрды күрделі жөндеуден өткізген соң, оған Әнуар Боранбаевтың аты берілді. Оның ашылуына арнап екі азамат ағалары жөнінде жарты сағаттық естелік фильм шығарған. Оның атын "Орны толмас өнерпаз" деп қойғанбыз. Сол фильмдегі сөзінде Әзербайжан Мәмбетов: "Қос Әнуарым (Молдабеков пен Боранбаев) екі қанатым еді" – деген болатын. Бұл шындық. Тіпті Әнуар Молдабеков пен Әнуар Боранбаевты Әуезов театрының сәні, ажары десе де болатын. Екеуі бірінен соң бірі дүние салғанда маған олар театрдың көркін де ала кеткендей болып көрінген.

Уақытында Әнуар мәдениет және өнер саласының көп қайраткерлерімен сыйластықта болды. Ол әсіресе Серке Қожамқұловтың, Сәбира Майқановаңың, Әзербайжан Мәмбетов пен Ғазиза Жұбановаңың, Асқар Тоқпановтың, Дулат Исабековтың, Әнуар Молдабековтің, Асқар Сүлейменовтың, Әшірбек Сығайдың есімдерін ерекше құрметпен айтып отыратын.

Әнуар туралы "Егемен Қазақстанда" берілген қазанамада оның алпыстан астам көркем бейнелер жасағаны көрсетілген. Солардың ішінде өзіме ерекше әсер еткен алғашқы ірі бейнесі Ильяс, "Гауһартастағы" Тастан қойшы, "Ақ кемедегі" Момын шал, "Қарағөздегі" Сырым есімнен кетпейді. Басқаларға қалай екенін білмеймін, маған осылардың қайсысы да образдар жасаудың оқулықтарға кіретін классикалық үлгілері секілді. Ол Тастанның бойындағы тоңмойын, дөрекі әрі керітартпа кейіпкерлікті де жанап өтіп, оны қазақтың еркек кіндікті ер азаматтарының Кеңес үкіметі күнделікті таптап жатқан өр мінезінің ертеден қалған сарқыншағын жоғары деңгейде ашатын бейнеге дейін жеткізді. Дулат Исабековтың, қоюшы режиссердың, Әнуардың, басқа да керемет актерлар ансамблінің "Гауһартасы" осынысымен құнды және сондықтан да "Қыз Жібек" фильмінен кейінгі көре бергін келетін екінші фильмге айналды. Егер Тастан келіншегінің қасынан ұзай алмай, оны көптің көзінше айналып-толғанып, отын жағысып, күлін шығарысып жүрсе, бұл фильм де баяғыдан тозаң астында жатқан болар еді.

Өкінішке қарай, осындай аяулы азаматымызбен өнер иесінен қапелімде айырылып қалдық. Желтоқсанда Айбек балам телефон соғып, Әнуардың Төле би (бұрынғы Комсомол) көшесіндегі жедел жәрдем ауруханасына түскенін хабарлады. Не болғанын анық айта алмады. Қайрат та сонда, сізді күтіп жүр деді.

Асығыс-үсігіс ауруханаға кіре бергенімде алдымнан Қайрат шығып, екінші қабатқа көтерілдік. Әнуар есікке жақынырақ, бөлмеге қиғаштау қойылған жасанды терімен қапталған дөңгелекті кроватта төсек-орынсыз көйлек шалбарымен ғана шалқасынан жатыр екен. Жақындап барып маңдайын сипадым. Әнуар ешқандай белгі бермеді. Кірпігін де қимылдатпады. Денесі сап-салқын. Жүрегім дір ете қалды. Үміт аз екенін сезіп, ұнжырғам түсіп, шығып кеттім.

Үйге келіп, Астанадағы Сайлауға хабарладым. Ақбөпеден қандай жағдайда ауруханаға түскенін сұрап, мардымды ештеңе біле алмадым. Сол күні Әнуардың қайтыс болғанын естіртті. Бұл 1999 жылдың 13 желтоқсаны еді.

Кеше осындай бір күй кешіп, ол туралы осы естелігімді тағы бір қарап өтіп, түн ортасына жақын мезгілде теледидарды қосып қалсам, – О, ғажап!, – экраннан Әнуар шыға келді. "Хабар" Гауһартасты бере бастаған екен. Бірден кешірек болса да картинадағы белді кейіпкерлердің бірін ойнайтын, иманды болғыр, Көукен Кенжетаевтың қайтыс болуына байланысты беріп жатқан шығар деп ойладым. Егер олай болса "Хабар" да жөнделуге бет ала бастаған екен деп, едәуір ішім жылып қалды. Фильмді тағы бір рет көріп, осы жолы тіпті Әнуар жаңа ғана қасымнан далаға шығып кеткендей әсер алдым. Актерлар шеберлігі мен үндестігіне қайран қалдым. Әсіресе оның Тастан (Әнуар) мен Салтанат (Жанна Қуанышева) линиясында өрбитін оқиғаларының талай көрерменге өз өмірінен ұқсастық іздетіп қана қоймай, сан рет күрсіндіретін қуатын бұрынғыдан да тереңірек сезіндім. Тіпті, қанша жармасқым келмесе де, сондай параллельдер өз өмір өткелдерімнен де табылып, жүрегімді сыздатты. Бірақ бұл – сәті түссе кейін жазыла жатар басқа әңгіме.

Сәбит БАЙЗАҚОВ,
ҚҒА академигі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.

Қостанай облысы Амангелді аудандық мәслихатының шешімі

17 мамыр 2018 жыл №214

Амангелді ауданының 2017 жылға арналған аудандық бюджетінің атқарылуы туралы

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 132-бабына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 1-тармағы 1) тармақшасына сәйкес, Амангелді аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Амангелді ауданының 2017 жылғы аудандық бюджетінің атқарылуы туралы есеп келесі көлемде бекітілсін:

1) кірістер бойынша – 2 802 458,9 мың теңге (100,8 %): соның ішінде:

салықтық түсімдер бойынша – 292 288,9 мың теңге (107,7 %);

салықтық емес түсімдер бойынша 6 663,3 мың теңге (99,3 %);

негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер бойынша – 6229,2 мың теңге (110,4 %),

трансферттер түсімі бойынша – 2 497 277,5 мың теңге (100 %);

2) шығындар бойынша – 2 807 329,5 мың теңге (100,0 %);

3) таза бюджеттік кредиттеу бойынша – (-) 959,2 мың теңге;

бюджеттік кредиттеу – 6807,0 мың теңге (100 %);

бюджеттік кредиттерді өтеу бойынша – 7766,2 мың теңге (90,7 %);

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0,0 мың теңге;

5) бюджет (профицит) тапшылығы – (-) 3911,4 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыруға – 3911,4 мың теңге;

қарыздардың түсімі – 6807,0 мың теңге (100 %);

қарыздарды өтеу – 8567,0 мың теңге (100 %);

есептік жылдың соңына қалған бюджеттік қаражат 5671,4 мың теңгені құрайды.

2. Амангелді ауданы әкімдігінің қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне ұсынылсын: 2018 жылға арналған Амангелді ауданының бюджетінің орындалуы кезінде Қостанай облыстық тексеру комиссиясының ұсыныстары ескерілсін.

3. Осы шешім қабылданған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануы тиіс.

Кезекті тоғызыншы сессия төрағасы З. Нұрханова.
Аудандық мәслихат хатшысы Қ. Кеделбаев.

"КЕЛІСІЛДІ"
"Амангелді ауданы әкімдігінің қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы
_____ Ж. Сеилова
2018 жылғы "17 " мамыр

Бақұл болыңыз, асыл аға!

Төлеубай Бірмағамбетовпен қоштасу

Кішкентайымнан еркелетіп өсірген, қатем болса кешірген, адамгершіліктің ақ жолына түсірген, жаны жайсаң санаулы жампоздарымның бірі – Төлеубай аға Бірмағамбетов еді. Ол кісінің 100 жасқа толуға біржарым жыл қалғанда фәниден бақиға өткені туралы қаралы хабарды естігенде көңілім босап, жүрегім сыздап қоя берді... Мектепте оқып жүрген кезімде жазғы каникулымды Төлеубай ағамның үйінде өткізуші едім. Ол көп жыл ірі шаруашылықтарды басқара жүріп халыққа қалтқысыз қызмет етті. Жылқы шаруашылығын өркендетуге көп көңіл бөлді. Бірінен-бірі айнымайтын үш боз аты болушы еді. Хрущевтің жылқыға қырғидай тиген кезінде биліктен қаймықпай сол асыл жылқының тұқымын сақтап қалды. Төкең менің туған нағашым, өмірге 100 жылда бір-ақ келетін аяулы Бейсенбек Әбенов екеуінің біраз болмыстары ұқсайтын. Екеуінің де тұлғасы, жаратылысы ірі еді. Менің де өжет, өткір болып өсуіме қыз мінезді, жібектей есіліп тұратын әкем Аймұханға қарағанда көп әсері болды. Мен бала күнімде өскенде Бейсекем мен Төкем сияқты болсам деуші едім. Өкінішке, бәлкім сорыма қарай Бейсекем өмірден ерте кетті. Қайғыдан қан жұттым. Мен орыс тілін сол кісіден үйрендім. Бейсекемнің орыс тілін өте шешен сөйлейтініне таң қалушы едім. Қостанайдан командировкаға бір орыс басшы келсе, келесі күні Бейсенбекпен құшақтасып жүруші еді.

Ал Төкем болса қазақы әдет-ғұрып, салт-дәстүрді санама құйды. Мен Төкемді туған ағам деп санадым. Себебі біз рулас қана емес, рухтас едік.

Сол Төкемнің денесі Алланың аманатын әдемі уақытта, жер гүлдеп, бәйшешекке толған көктемнің соңғы айы – мамырдың аяғында, жарқын жаздың алғашқы күні жер қойына қойылады екен. Үлкейгендік пе, бұрынғыдай емес, көңілшек болуға айналдық. Екі көзден жас төгіледі. Жүрек егіледі. Қимаймын. Бірақ Алла ісіне қалай көнбеймін?!

Қош, аяулы нар ағам, ер ағам! Елге барғанда маған "Сәбитжан келдің бе?" – деп құшағын жайып, ақ көңілмен, ақ пейілмен кім қарсы алады? Сен біздің әулеттің асқар тауы едің. Тәңірім иманыңнан жарылқасын. Сенің бақытты ұзақ жасыңды балаларың мен бізге берсін, Аллам!

Пейіштің төрінде бол, Сары Арқадай сауырлы жан бауырым, Төкем! Сенің аруағыңның алдына бас июші інің

Сәбит Досанов,
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Қостанай облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы" РММ-де жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестесі

Лауазымды тұлғаның ТАӘ	Қызметі	Азаматтарды қабылдау күндері мен уақыты
Жұмабаев Дәуіт Бәкенұлы	Инспекция басшысы	Сейсенбі, бейсенбі сағат 10-н 12-ге дейін
Молдағұлов Хилимхан Айтқұлұлы	Инспекция басшысының орынбасары	Сәрсенбі, жұма сағат 10-н 12-ге дейін

Азаматтарды қабылдауы мына мекенжайы бойынша өтеді: Қостанай қаласы, Гагарин көшесі, 85 А.

Байланыс телефоны 54-30-60.

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Қостанай облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы" РММ-нің сенім телефоны 8 (7142) 54-30-60

График приема физических и представителей юридических лиц РГУ "Костанайская областная территориальная инспекция лесного хозяйства и животного мира Комитета лесного хозяйства и животного мира Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан"

ФИО должностного лица	Должность	Дни и время приема
Джумабаев Даут Бакенович	Руководитель инспекции	вторник, четверг с 10 до 12 час.
Молдагулов Хилимхан Айткулович	Заместитель руководителя инспекции	среда, пятница с 10 до 12 час.

Прием граждан проводится по адресу: г.Костанай ул.Гагарина, 85 А.

Контактный телефон 54-30-60.

Телефон доверия РГУ "Костанайская областная территориальная инспекция лесного хозяйства и животного мира Комитета лесного хозяйства и животного мира Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан" 8 (7142) 54-30-60.

Дов. лицо в порядке внесудебной реализации залогового имущества, объявляет о проведении торгов по продаже временного долгосрочного землепользования с кадастровыми номерами 12-191-012-152, площадью – 56,0 гектаров, расположенные на территории с. Новошумное, Фёдоровского района, Костанайской области, предназначенные для ведения крестьянского хозяйства.

Покупная цена вносится наличными деньгами в течение 5-ти календарных дней с момента проведения торгов. Торги состоятся 17.06.2018 года, в 09.00 часов по адресу: Фёдоровский район, с. Новошумное, офис КХ "Дюсен".

Заявки принимаются в срок до 18:00 часов 16.06.2017 года по месту нахождения доверенного лица. Костанайская область, Фёдоровский район, с. Новошумное.

Тел. для справок: 94-7-04.

Пфунт Иосиф Францевичтің сенімді тұлғасы – Калиевский Владимир Сергеевич кепілдік мүлікті соттан тыс өткізу тәртібінде Қостанай облысы, Федоров ауданы, Пешков ауылдық округінің аумағында орналасқан, шаруа қожалығын жүргізуге арналған: кадастрлық нөмірі 12-191-032-104 жалпы алаңы 195,0 га, жер телімдеріне тұрақты жер пайдалану құқығын сату жөніндегі сауда өткізілетіні туралы хабарлайды.

Сатып алу бағасы сауда өткізу сәтінен бастап 5 күнтізбелік күн ішінде қолма-қол ақшамен енгізіледі.

Сауда 2018 жылғы 15 маусымда сағат 10.00-да мына мекенжай бойынша өткізіледі:

Қостанай облысы, Федоров ауданы, Пешков ауылы.

Өтінімдер 2018 жылғы 14 маусымда сағат 18-00-ге дейінгі мерзімде сенімді тұлғаның орналасқан жері Федоров селосы, К.Либкнехт көшесі, 2 "В" үйде қабылданады. Анықтама телефоны: 8-775-466-61-60.

Доверенное лицо Пфунт Иосифа Францевича – Калиевский Владимир Сергеевич в порядке внесудебной реализации залогового имущества объявляет о проведении торгов по продаже право постоянного землепользования на земельный участок, расположенный на территории Пешковского сельского округа Фёдоровского района, Костанайской области, предназначенный для ведения крестьянского хозяйства: земельный участок с кадастровым номером 12-191-032-104, общей площадью 195,0 га.

Покупная цена вносится наличными деньгами в течении 5-ти календарных дней с момента проведения торгов.

Торги состоятся 15 июня 2018 года в 10.00 часов по адресу:

Костанайская область, Фёдоровский район, с. Пешковка.

Заявки принимаются в срок до 18-00 часов 14 июня 2018 года

По месту нахождения доверенного лица в п. Фёдоровка, ул.К. Либкнехта, дом 2 "В", телефон для справок: 8-775-466-61-60.

Есебаев Алтай Амиртаевич – "Прототип" шаруа қожалығының сенімді тұлғасы кепілдік мүлікті соттан тыс өткізу тәртібімен келесі мүліктің саудасы өткізілетіні туралы хабарлайды:

Қостанай облысы, Әулиекөл ауданы, Әулиекөл селосы мекенжайында орналасқан бақша жүргізуге арналған кадастрлік нөмірі 12-188-006-001 алаңы 30,3 га бөлінетін жер теліміне 31.08.2053 жылға дейінгі мерзімге жер пайдалану құқығы.

Сатып алу бағасы сауда өткізілген сәттен бастап 10 күнтізбелік күннің ішінде енгізіледі. Сауда 2018 жылғы 18 маусым сағ 10.00-де мына мекенжайда болады: Қостанай облысы, Әулиекөл ауданы, Әулиекөл с., Целинная көш., 7 үй.

Өтінімдер 2018 жылғы 17 маусым сағ. 18.00-ге дейінгі мерзімде сенімді тұлғаның орналасқан жерінде қабылданады: Қостанай қаласы, Киевская көш., 17 үй, анықтама үшін тел.: 56-10-46.

Жол қауіпсіздігіне арналған шара

Шұға ҚОҢҚАБАЙ

Облыс орталығында жыл басынан бері 8,5 мыңға жуық жол көлік қозғалысын бұзу деректері тіркелді. Тәртіп сақшылары бұзушылықтардың басым бөлігі темір тұлпар иелеріне тиесілі болғанымен, жаяу жүргіншілердің де жиі заңды бұзатындығын айтады. Сондай-ақ, салынған қомақты айыппұлдардың өзі кейде нәтиже бермейтінін алға тартты. Ал, қостанайлық мектеп оқушылары, бұл өзекті мәселені шешудің жолын тапқан. Апаттың алдын алу үшін жас инспекторлар мен жол полицейлері бірлесе ерекше шара өткізді.

Автобус жолаушыларына балалар өздері салған суреттерін үлестірді. Суретте қоғамдық көлікті арнайы әшекейлендірген. Жасөспірімдер ескертулерін осындай тәсілмен жеткізуді ойлап тауыпты.

Жас жол инспекторы Никита Поляничко 11 жаста болса да, жолда жүру ережесін егжей-тегжейлі меңгеріп алған. Ол жол апатының алдын алу үшін жол ережелерін сақтау керектігін айтады. Қолдарындағы белгілер мен жазулар да жаяу жүргіншілерге ой салады. Киген киімі мен бетіндегі бояу өткен-кеткеннің назарына бірден ілігеді.

–Бағдаршамның жасыл түсі жанғанда жүргіншілер жолды қиып өтеді. Бірақ, барлығы да бірдей жан-жағына қарап, сақтық танытып бермейді. Жаяу жүргіншілер жолағынан өткенде де солай. Көбі музыка тыңдап, немесе ұялы телефонға шұқшиып бара жатады. Мұндай алаңсыздықтың салдары қайғылы жағдайға соқтыруы мүмкін, – дейді шараны ұйымдастырушылар.

Осылайша, жас инспекторлар ерекше тәсілмен тұрғындарға ескертулерін жеткізді.

Тағдырлы, тағылымды жол кешкен

Жандос ЖҮСІПБЕК

Ел басына түскен ауырпашылық, соғыс зұлматы Қабден Ыбыраевтың жастық шағымен тұспа-тұс келді. Балғын шағы бейнеттің шеңгеліне ілігіп, бозбала кезін майдан даласында жоғалтты...

Келмеске кеткен кешегі кеспірсіз күндерді Қабден ата көрген түсіндей еске алады. «90 деген торыны тоқымдаған» ақсақалдың кешкен жолы – тағдырлы әрі тағылымды. Ол фашистерге қарсы соғыста ұлы жеңісті жақындатуға үлес қосты. «Еліме болсын, жұртыма жетсін» деп жан аямай еңбек етті.

Қабден атай 1923 жылы Ұзынкөл ауданының Жаңатүлек деген ауылында дүниеге келді. Әкеден туған төртеудің ортаншысы. Алдындағы арқа сүйер қос ағасы қан майданға аттанып, хат-хабарсыз кеткен. Баянсыз жалған оны әкеден де ерте айырды. Ал, өзі әскер қатарына 1942 жылы алынған. Алғашында Ресейдің Челябі қаласында қысқа мерзімде әскери жаттығудан өтіпті. Сол тұста 19 жастағы бозбала соғыстағы жорықтарын Балқан түбегінен бастады. Онда 7004-мотамеханикалық гвардиялық корпустың 1-батальоны, 2-ротасы командирінің көмекшісі болып, жауапты міндет мойнына жүктелген. Сөйтіп жүріп, талай-талай алашапқын ұрыстарға кірісіп, аждаһа-ажалға басын байлады. От пен оқтың өтінде жүріп, ауыр жарақат та алды. Қиян-кескі шайқас кезінде иек тұстан алған зақым жазылмаған соң 1944 жылы елге оралды.

Туған жерге келгеннен кейін де қарап жатпады. Келе салысымен, тұрмысы теңселіп, шаруасы шатқаяқтап тұрған елдің игілігіне қызмет етті. Атап айтқанда, ІІМ органдарына жұмысқа орналасып, 1946 жылға дейін қызмет атқарды. Өйткені бұл салада ары қарай жұмысын жалғастыруға жарақаты кедергі жасады. Кейін өз ауылына есепші болды.1950 жылы ұсақ ұжымдар біріктіріліп, «Новоженко» деген үлкен кеңшар дүниеге келгенде, ардагер 1953 жылға дейін сол жерде төрағаның орынбасары лауазымын абыроймен атқарды. Мұнан соң аудандық жол құрылысы басқармасын басқарып, сол орнынан зейнетке шықты. Меңдіқара ауданынан Ресей шекарасына дейінгі, Қостанай-Сарыкөл, Ұзынкөл-Солтүстік Қазақстан облыстарын байланыстыратын тас жолдардың Қабден ақсақалдың басшылығымен салынғанын айта кеткен жөн.

Бүгіндері асалы ақсақал Ұзынкөл ауданының құрметті азаматы. Қостанай қаласында тұрса да, кіндік қаны тамған ауылында болып жатқан ізгі оқиғалардың бел ортасында жүреді. Аудандық мешіттің ақылдастар алқасының мүшесі ретінде де есімі ардақты.

Қазақта «жақсы қартаю» деген сөз бар. Бұл тіркес осындай ардақты ардагер, аяулы ақсақалға қаратылып айтылса керек. 50 жыл ортақ отау астында балғұмыр өткізген зайыбы Зейнеп Шәйкеқызы екеуі 8 бала тәрбиеледі. Әжей алтын тойлары қарсаңында өмірден озса да, «орнында бар оңалар» деген, Қабден ата қазіргі таңда немере-шөберелерінің қуаныш-қызығына кенеліп отыр.

Құттықтаймыз – 95!

Отбасымыздың тірегі, ардақты әкеміз, сүйікті атамыз **Қабден Ыбыраев** 8 маусымда 95 жасқа толады.

Асқар таудай әкемізді тоқсан бес жасына толуымен шын жүректен құттықтаймыз!

95 жас туған күнің құтты болсын,
Өміріңіз шаттық пен нұрға толсын.
Қызықты күндеріңіз арайланып,
Көкірегіңіз күмбірлеген күйге толсын.
Әкетай, нұрға толсын жүзіңіз,
Қуаныңыз, шаттаныңыз, күліңіз.
Тіршіліктің қызығына бөленіп,
Аман-есен ортамызда жүріңіз!

Тілек білдірушілер: ұл-қыздары, келіндері мен күйеу балалары, немерелері, жиендері, шөберелері.

Балаларға қуаныш сыйлады

Қарлығаш ОСПАНОВА

Жер бетіндегі әлем елдері Халықаралық балаларды қорғау күнін кеңінен тойлап келеді. Біздің елімізде де бұл шуақты мерекені атап өту дәстүрге айналған. Бірақ, күн райына байланысты Қостанайда биылғы мереке ашық аспан астында емес, жабық мекемелерде өткізілді.

Облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемалары орталығының мамандары да бұл күнді атаусыз қалдырмады. Облыстық Л.Толстой атындағы кітапханада бүлдіршіндерге арналған концерттік бағдарлама ұйымдастырып, шара барысында тегін тәттілер мен сыйлықтар таратып балалардың көңілін бір серпілтіп тастады.

ТУҒАН ЖЕР

Алтынайдың ән кеші

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Н.Ахметбеков атындағы мәдениет үйінде Астана қаласының 20 жылдығына және Жанкелдин ауданының 90 жылдық мерейтойының құрметіне республикалық, халықаралық байқаулардың сан мәрте жеңімпазы Алтынай Жаңабай «Балалық шақ – балғын шақ» атты ән кешін тарту етті.

Алтынайдың өнерін тамашалап келген қауымның санында шек болмады. «Арнау» әнімен сахна шымылдығын ашқан кеш иесіне соғылған үздіксіз шапалақ оның туа біткен бойындағы талантына деген құрмет. Өнердегі ұстазы Бибігүл Сұлтановамен «Ауылымды сағындым» әнін қосылып шырқаған сәтте Алтынайдың жанарынан өнерге табынушылық жарық сәуле мен жасындай ұшқынды аңғардық. Бұл оның киелі өнерге шынайы құмартқандығының белгісі. Өмірдегі өнер әлеміне сәтті қадам басуына себепші болып, алғаш жеңіс әкелген «Отырардағы той» әні бағын ашты. Міне содан бастап, Алтынайдың жұлдызы жанып, халықаралық байқауларда «Гран – при» иегері атанды. Өзі тәрбиеленіп жатқан Б.Хамзин атындағы өнер мектебінің ғана емес ауданымыздың мақтанышына айналды. Өнер саласының ардагері, Б. Хамзинның әндерін насихаттаушы, күміс көмей әнші Бикен Махмұтовадан кейінгі өнерлі жас буын өкілі осы Алтынай деп білемін. Себебі, осы кеште сазгердің «Қайдасың, Шолпаным – Жұлдызым» әнін шырқағанда әуезді әнге сай ерекше үні Торғайдың дархан даласына тылсым күш сыйлағандай болды. Алтынайдың анасы Гүлжанаттың да ән айтуға қабілеті өте зор.

Бірақ, өмірдегі таңдаған мамандығы экономика саласы. Өнерден еш кенде емес екендігін дәлелдеген анасы қызымен қосылып, «Ана мен бала» әнін айтып, көрермендердің қошеметіне бөленді. Әсем әнге толы кеште патриоттық әндер, Елордамыз Астана туралы көптеп шырқалып, ел мерейін бір көтеріп тастады. Кеш соңында аудандық білім беру бөлімінің басшысы Наурызбай Сейдахметов, Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебінің директоры Қонысбай Ражанов, ата-аналар атынан Қаныбек Қоянбаев, өнер мектебінің басшысы Жанар Шалабаева ізгі тілектерін білдірді. Сонымен қатар алғыс хаттармен марапаттап, ақшалай және бағалы естелік сыйлықтар тапсырды.

Байбатыр АХМЕТБЕКОВ.
Жанкелдин ауданы.

СУРЕТТЕ: Алтынай анасымен.

Құттықтау бергіңіз келсе...

Газет оқырмандарына құттықтау, еске алу және басқа ақылы материалдардың ақысы үстіміздегі жылдан бастап өскенін хабарлаймыз.

Жеке адамдардан әр шаршы сантиметр үшін 70 теңге алынады.

«Қостанай таңы» газетінің қызметін пайдаланғыңыз келсе, келіңіз, хабарласыңыз.

Мекенжайымыз: Қостанай қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 90, 2 қабат.

Анықтаманы 54-33-22, 54-99-88 телефондары арқылы алуға болады.

Меншік иесі:
“Қостанай таңы” газеті редакциясы” ЖШС
Директор-Бас редактор ЖАНҰЗАҚ АЯЗБЕКОВ

Директор-бас редактордың қабылдау бөлмесі: 54-12-66, факс: 54-99-69.
Директор-бас редактордың орынбасары: 54-84-44.
Жауапты хатшы: 54-67-65.
Бөлім редакторлары: 54-79-68, 54-28-42.

Бөлімдер:
Қоғамдық-саяси, экономика: 54-79-68.
Әлеумет, білім, мәдениет: 54-28-42.
Социологиялық зерттеу орталығы: 54-53-21,39-26-25.
Жарнама бергіңіз келсе: 39-26-88, 54-33-22.

Бухгалтерия: 54-99-88, 39-26-88
Компьютер орталығы: 54-54-45
Корректура: 54-34-49

Меншікті тілшілер:
Арқалықта: 7-55-91
Рудныйда: 8-714-31-2-72-56
Аманкелдіде: 2-17-40
Жанкелдинде: 2-10-75, 5-00-02
Сарыкөлде: 2-25-17

Редакцияның мекенжайы:
110000, Қостанай қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 90

Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды. “Қостанай таңында” жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Редакция авторлар мақаласының мазмұнына жауап бермейді.
Ⓐ – ақылы жарияланым.

Газет аптасына үш рет шығады.
Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 28.04.2016 жылы тіркеліп, № 15979-Г куәлігі берілген.
Газет “Қостанай таңының” компьютер орталығында терілің, беттелді. Офсеттік басылым. “Қостанайполиграфия” ЖШС баспаханасы. Мекенжайы: С.Мәуленов көшесі, 16.
Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 10016. Тапсырыс 1012. Нөмірдің кезекші редакторы Ш.ҚОҢҚАБАЙ.